

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Инженерлік пәндер және тиісті практикалар кафедрасы	Пікір

87EF59EE10BF46E3

№Shygy04-01-06-02-17-175 22.04.2025

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті»
КеАҚ 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы
докторанты Ақтолқын Кинязбековна Ибадуллаеваның философия докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Андыздың (*Inula L.*) кейбір түрлерінен
фитосубстанциялар алудың әдістемелік тәсілдемелері және олардың
негізінде дәрілік қалыптар жасау» тақырыбына дайындалған
диссертациялық жұмысына
ғылыми кеңесшісі, фарм.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Калданай Каржауовна Кожанованың
ПІКІРІ

Ақтолқын Ибадуллаеваның диссертациялық жұмысының тақырыбы қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі Ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру, халықты сапалы, қауіпсіз және эффективті дәрілік препараттармен қамтамасыз ету, жаңа дәрілік заттарды іздеу, отандық өсімдік текті субстанцияны фармацевтикалық өндеуге, оның ішінде сулы-спиртті экстракттар негізінде алынған комплексті дәрілік препараттардың үлесін арттыруға негізделген. Аталған мәселеге Қазақстандағы дәрілік өсімдіктердің бай қоры негіз бола алады.

Ақтолқын Ибадуллаеваның диссертациялық жұмысының экспериментальды бөлігі «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті» КеАҚ, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ және Люблин Медициналық университетінің (Польша) базасында орындалды.

Диссертация нәтижелерінің, қорытындылары мен тұжырымдарының сенімділігі мен негізділігі заманауи спектрлік және хроматографиялық зерттеу әдістерін (ультрадыбысты экстракция, газ хроматографиясы, газ-хромато-масс-спектрометрия жоғары тиімді сұйық хроматография), фармакопеялық аналитикалық әдістер мен биологиялық қауіпсіздігін бағалау әдістерін қолдана



Издатель ЭЦП - Ұлттық куәландырушы орталық (ГОСТ) 2022, КОЖАНОВА КАЛДАНАЙ, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407 <https://short.kaznmu.kz/nU5bT>
 Электрондық құжатты тексеру үшін: <https://saleoffice.kaznmu.edu.kz/verify> мекен-жайына өтіп, қажетті жолдарды толтырыңыз. Электрондық құжаттың көшірмесін тексеру үшін қысқа сілтемеге өтіңіз немесе QR код арқылы оқыңыз. Бұл құжат: «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтарда шыққан Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес, қағаз құжатпен тең дәрежелі болып табылады. / Для проверки электронного документа перейдите по адресу: <https://saleoffice.kaznmu.edu.kz/verify> и заполните необходимые поля. Для проверки копии электронного документа перейдите по короткой ссылке или считайте QR код. Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

отырып жүргізілген эксперименттік зерттеулердің дәлелдемелік базасымен расталады.

Зерттеу барысында Қазақстанда алғаш рет *Inula L.* туысының *Inula britannica L.* және *Inula caspica F.K. Blum ex Ledeb* дәрілік өсімдік шикізаттарына фармакогностикалық талдау жүргізілді және сапа спецификациясы жасалынды. *Lavatera thuringiaca L.* дәрілік өсімдік шикізатының химиялық құрамын салыстырмалы түрде зерттеу мақсатында перколяция және ультрадыбысты экстракциялау әдістерінің көмегімен этанолды және метанолды экстракттар алынып, олардың химиялық құрамы масс-спектрометриялық детекторы бар газ хроматография және жоғары тиімді сұйық хроматография әдістері арқылы анықтылынған. Нәтижесінде *Inula britannica L.* дәрілік өсімдік шикізатынан экстракт алудың тиімді технологиясы ультрадыбысты экстракциялау әдісі таңдалынған, фитохимиялық құрамын зерттеу нәтижесінде полифенолды қосылыстар анықталынған. Алынған экстракттың грамм-оң және грамм-терістест-микроорганизмдеріне қатысты микробқа, фунгицидке қарсы және антиоксиданттық әсерлері дәлелденген. Сонымен қатар, субстанцияның қауіпсіздігі, аллергияға қарсы әсерлері зерттелінген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының өнертабыстарының мемлекеттік тізімінде тіркелген № 5848 «Британ андызы (*Inula britannica L.*) шөбінен көмірқышқыл газды экстрактын алу тәсілі» және Британ андызы (*Inula britannica L.*) өсімдік шикізатынан ультрадыбыстық экстракциялау тәсілімен сығынды алу пайдалы модельге патентімен расталынған.

Inula L. өсімдік шикізатына және одан алынған экстракттарға нормативтік құжаттар жобасы жасалынып, жобаларда көрсетілген әдістемелер мен әдістер енгізілді:

– *Inula britannica L.* және *Inula caspica ex de Ledeb Blume* өсімдік түрлерін идентификациялау Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Алматы қаласындағы «Ботаника және фитоинтродукция институты» берген №01-09/205-1 анықтамасымен 09.08.2019 ж. және №01-09/205 анықтамасымен 03.08.2020ж. расталды;

– Андыздың (*Inula L.*) кейбір түрлерінен фитосубстанциялар алудың әдістемелік тәсілдемелері және олардың негізінде дәрілік қалыптар жасау



бойынша GACP талаптары бойынша *Inula britannica* L. және *Inula capsica ex de Ledeb Blume* шикізаттарын дайындаудың технология тәсілдерін тәжірибелік қолдану "Fitoleum" ЖШС, Есік қ., Қазақстан енгізу актісімен расталды;

– Перколяция әдісімен экстракт алу. *Inula britannica* L. өсімдік шикізатынан перколяция әдісімен экстракт алудың технологиялық үрдістері. "Fitoleum" ЖШС-да енгізу актісімен расталды;

– Перколяция әдісімен экстракт алу. *Inula britannica* L. өсімдік шикізатынан перколяция әдісімен экстракт алудың технологиялық үрдістері. «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» ЖШС-да енгізу актісімен расталды;

– Ультрадыбысты экстракция әдісімен экстракт алу. *Inula britannica* L. өсімдік шикізатынан ультрадыбысты экстракция әдісімен экстракт алудың технологиялық үрдістері «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ-да енгізу актісімен расталды;

– Британ андызы экстрактымен гранула алудың технологиялық сызбасы және оңтайлы құрамын жасау. Ылғалды түйіршіктеу әдісімен британ андызы экстрактымен гранула алудың технологиялық үрдістері «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ-да енгізу актісімен расталды.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ Химия және химиялық технология факультетінің дәрілік өсімдіктерді ғылыми зерттеу орталығында докторлық диссертация аясында ғылыми тағылымдамадан өтілді.

Диисертация аясында 12 ғылыми еңбек жарық көрді, оның ішінде:

- Scopus ғылыми басылымдарының библиографиялық және халықаралық дерек қорларына кіретін *Molecules* басылымы (Q1) – 1;

- ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 жарияланым;

- халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарындағы 5 жарияланым;

Пайдалы моделге патент – 2.

Актолкын Ибадуллаева диссертациялық жұмысты орындау барысында, фармацевтикалық өндіріс технологиясы саласында, өзін толық маман ретінде қалыптасқан тұлға екенін көрсетті. Ол, практикалық және теориялық маңызды, ғылыми жаңалығы бар, ғылыми зерттеу жұмысын жасады.



Актолкын Ибадуллаева ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты және өзінің зерттеу жұмыстарында фармацевтикалық ғылымның жетістіктерін қолдана білді, теориялық және практикалық білімі жоғары, фармацевтикалық технология мен заманауи сапалық талдау әдістері бойынша біліктілігін көрсетті.

Өзінің еңбекқорлығымен, критикалық ойлау қабілетімен, зерттеу жұмыстарына шығармашылықпен қарайтындығы диссертантты ерекшелігін көрсетті.

Философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Актолкын Кинязбековна Ибадуллаеваның «Андыздың (*Inula L.*) кейбір түрлерінен фитосубстанциялар алудың әдістемелік тәсілдемелері және олардың негізінде дәрілік қалыптар жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың қойылған мақсаттары, міндеттері, өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және нәтижелері 6D074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияға қойылатын талаптарға толық жауап береді, авторы Актолкын Кинязбековна Ибадуллаева философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

**Ғылыми кеңесші,
Инженерлік пәндер және тиісті
практикалар кафедрасының меңгерушісі,
фарм.ғ.к., қауымдастырылған профессор**

Кожанова К.К.

